



# «Дала заңы» жобасы





Жобаның миссиясы: «Ұлттық білім беру моделін» білім сатысына қарай енгізу. Ұлттың сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық құндылықтар мен жолын адамзаттық құндылықтардан ұштастыра алатын толық кемелді тұлғаны қалыптастыру.

Жобаның міндеттері:

01

*Ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойында дарыту;*

Жобаның міндеттері:

02

*білім беру ұйымдарында этнопедогогикалық аясын кеңейту және оны қолдану аясын, мәдениетін арттыру;*

Жобаның міндеттері:

03

*ақпараттандыру және сандық педогогика саласында этнопедогогиканы жеңілдіру;*

04

*білім алушылардың рухани байлығын дамыту.*

# ЖОБА НЕГІЗДЕРІ



ҚР 2007  
жылғы 27  
шілде «Білім  
туралы Заңы»

ҚР Үкіметі  
2019 жылғы 27  
желтоқсан  
№998 қаулысы

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасы
- «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы
- «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы



Ұлттық тәрбиенің діңгегі ана тілі болып қалатындығын негіздеу, ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын, білім мен мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдардан бастап, мектептің барлық буындарында, ата-аналар арасында этнопедагогикалық мәртебесін көтеру бағытында жүргізіледі.

## Өзектілігі

Нұр-Сұлтан қаласы білім беру ұйымдарының арасында ұлттық тәрбиенің аясын кеңейтуді насихаттау бағытында әзірленген-Жоба

Бұл жоба – ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде басты жоба болып табылады.



## Жобаның ұзақтығы: 2020-2025 жылдарға арналған

01

❖ 2020-2021 жылдары білім беру ұйымдарына енгізіледі, кешенді жоспар құрылады, жүзеге асыру механизмі жоспарларланып жүзеге асырылады.

02

❖ 2021-2022 жылдары алдыңғы жылғы жұмысқа мониторинг жүргізіледі, практикада кездескен кедергілер анықталып, шешу жолдары қарастырылады.

03

❖ 2022-2023 жылдары этнопедагогикаға қызығушылық артады. Халықтық тәлім-тәрбиені қолдану аясы кеңейеді, қолдау табады, жалпы орта білім беру ұйымдарында этнопедагогика пәнін енгізудің алғышарттары жүргізіледі.

04

❖ 2023-2024 жылдары білім беру ұйымдарына этнопедагогика пәні енгізіледі.

05

❖ 2024-2025 жылдары «Дала заңы» жобасы алға қойған міндеттерін саралайды, әрі қарай дамуына жаңа бағыттар айқындайды

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

### 5 құндылық:

Ұят болады  
Обал болады  
Сауап болады  
Күнә болады  
Адам бол!

Ұлт тілі  
Ұлт мәдениеті  
Ұлт дәстүрі  
Ұлт ойындары  
Ұлт өнері  
Ұл діні

### Қадағалаңыз:

Сөзіңізді  
Мінез-  
құлқыңызды  
Ой-ниетіңізді  
Жүрегіңізді  
Іс-әрекетіңізді



## 7 БАҒЫТТА

1. Рухани қазына/Ақыл-ой мен сезім тәрбиесі/
2. Ұлы даланың жауһарлары/Материалдық мәдениет: еңбек тәрбиесі/
3. Төрт құдірет:Күн-Ана, Жер-Ана,ауа мен су. / экологиялық тәрбие/
4. Қасиетті Қазақстан /Рухани тәрбие/
5. Ұлттық ойын тағылымы/Қажымас қайрат, жігерлі-әрекет/
6. «Талаптан» / интеллектуалдық тәрбие /
7. Отбасы-Отанымыздың ошағы, ұлттың асыл дінгегі

# Бастауыш буын (МАД, 1-4 сыныптар)

**«Сәлем сөздің анасы» бағыты**  
бастауыш сынып оқушыларын тәрбиенің басы сәлемдесуден басталатынын, "Үлкенге құрмет - кішіге ізет" адамгершіліктің басты қасиеттерінің бірі екендігімен танысады.

❖ бастауыш сынып оқушыларының өзін, ортасын тануға бағыттау (қазақ ертегілері, өлеңдері, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, мысалдарды бірге және топпен оқу, драма үйірмелерін кеңінен ашу);

ұлттық ойындар, спорт, өнер арқылы қазақ тілінде ойлауға, еркін сөйлеуге, ойын анық жеткізе білуге (балаларға арналған мектепшілік youtube каналында ұлттық танымдық-телеарналарын ашу) қалыптастыру;

❖ оқушыларға сәлемдесудің негізгі қағидаттарымен таныстыру;

❖ өзге ұлт өкілдерінің сәлемдесу ерекшеліктерімен таныстыру;

❖ тәрбие сағатында өткізілетін этнопедагогикаға қатысты тақырыптарды тәжірибемен ұштастыру;

❖ педагогтер бастауыш сынып оқушыларын логикалық ойлауын дамытуға бағытталған этнопедагогика негізінде әдістемелік құралдар, авторлық жұмыстар, электронды контенттер дайындау.

## «Еңбек ерлікке жеткізер» бағыты

еңбек тұлғаның адамгершілік тұрғыда жетілуін бағалаудың басты өлшемі болып табылады, адамның абыройын арттырып, оның ерік-жігерін шынықтырады, оған қуат беріп, адамдар алдындағы беделге жеткізеді.

❖ оқушыларды еңбекке баулу арқылы адамгершілік тұрғыда жетілуіне, ерік-жігерін шындауға, кәсіпкерліктің алғашқы кезеңдеріне бағыттау;

❖ Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты оқушылар **#30игііс хэштегін** әлеуметтік желіде бөлісу арқылы "Еңбектің наны тәтті" челленджін ұйымдастыру;

❖ оқушылардың бойына еңбек тек жұмыс жасау ғана емес, оқу, іздену, спорттық жетістіктерге жету сияқты т.б. көп баламалары бар екендігін түсіндіру;

❖ қазақ халқының нақыл сөздерін, мақал-мәтелдерін, аңыз-әңгімелерін дәріптеу;

❖ өз елінің жаңашыры болуға бағыттау (еріктілер тобын құру, әр-түрлі салада жетістікке жеткен тұлғаларымен кездесу, халық педагогикасын дәріптеу мақсатында тәрбие сағаттарын тәжірибемен ұштастыру, қазақ халқының ғана емес өзге де ұлт өкілдерінің халық педагогикасымен танысу;

❖ педагогтер әдебиет, мәдениет, тарих, театр, өнер, ұлттық, патриоттық тәрбие бағытында танымдық сабақтар, кештер ұйымдастыру, элективті курс бағдарламаларын, әдістемелік ұсынымдар, электронды контенттер дайындау.



# Жоғары буын (9-11 сыныптар)

## «Ата көрген-оқ жанар, ана көрген-тон пішер» бағыты

оқушылар халық педагогикасымен жақын танысады, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді, өзге халықтардың этнопедагогикасымен танысып, салт-дәстүр тәрбиенің тірегі ұлттың негізі екендігін ұғынады.

халық педагогикасының эстетикалық, діни, ұлттық құндылықтар бағыттарымен танысады

❖ оқушыларды рухтандыру, жігерлендіру, ұлттық құндылықтарды сіңіру үшін Тәуелсіздіктің 30 ж. байланысты **#ҰЛТТЫҚТӘРБИЕ** бағытында өз замандас қолөнер шеберлерінің еңбектерімен танысу, шығармашылығын насихаттау;

❖ әр-түрлі салада жетістікке жеткен тұлғалармен кездесу;  
❖ еріктілер тобын жасақтап қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қол ұшын беруді ұйымдастыру;

❖ ұлттық ойын, салт-дәстүрді насихаттау үшін байқаулар, әлеуметтік желіде челленджер ұйымдастыру;

❖ «Отбасы құндылығы» челленджін **#ХАЛЫҚПЕДАГОГИКАСЫ** хэштегімен жариялау;  
❖ қыз және ұл тәрбиесіне мектептерде клубтар ашу;

❖ экологиялық тәрбиені қалыптастыру үшін «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ...» акциясын ұйымдастыру.

## 10-11 сыныптарда ұлттық тәрбие беру





## Күтілетін нәтиже:

халық педагогикасын  
қолдану аясы кеңейеді

өз елінің  
патриоттары  
тәрбиеленеді

этнопедагогика пәнін  
енгізудің алғышарттары  
жасалады

ақпарат және сандық  
педагогика саласында  
халық педагогикасына  
қатысты мәліметтер қоры  
артады

білім алушылар, ата-  
аналар, педагогтер  
арасында салт-дәстүрді  
қолдану мәдениетін  
артады





г. Нур-Султан, ул. А. Иманова, 11  
БЦ “Нұрсәулет-1”, 2 этаж  
факс/тел: 8 (7172) 73-11-62  
E-mail: [astana.modern@gmail.com](mailto:astana.modern@gmail.com)  
Сайт: [www.astana-modern.kz](http://www.astana-modern.kz)

